

50 жылдық ерен еңбек – елдікке бастаған белес



Еліміздің көптеген аймағында, Алматыда, Семейде, Оралда 1975 жылға дейін «ғалым-зоотехник» біліктілігімен оқуын аяқтаған мыңдаған жас маман еліміздің ауыл шаруашылығы мен экономикасын өркендетуге зор үлес қосты. Сондай алтын буынның үлкен шоғыры, Ақ Жайық өңіріндегі іргелі ауыл шаруашылығы институтының зооинженерлік факультетін 1969-1974 жылдары оқып тәмамдаған «ғалым-зоотехник» мамандығының алдыңғы толқын түлектеріне биыл 50 жыл толып отыр.

Сонау 60-70-жылдары ауыл шаруашылығы гүлденген кеңестік Қазақстанда мал шаруашылығы өндірісінің басты ұйымдастырушысы, малдың есеп-қисабын жүргізетін және негізгі технологиялық процестерді басқаратын зоотехник мамандығына сұраныс жоғары болды. Біле білсек, мал шаруашылығын алға сүйреген зоотехник деген әмбебап кадрлар арасынан басқа да салаларда жарқырай көрінген Олимпиада чемпионы, даңқты балуан Жақсылық Үшкөмпіров, әлемге әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматов, ұлы композитор Шәмші Қалдаяқов сынды саңлақтардың шыққанын көпшілік жұрт біле бермейді.

Ал алпыс жылдан астам бай тарихы бар, ел экономикасы мен ауыл шаруашылығының қаншама мыңдаған түлегінің қанатын қомдаған оқу ордасы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің төрінде 1974-ші жылғы түлектердің мерейлі 50 жылдық белесі алғаш рет тойланғалы отырғаны – үлкен қуаныш.

Ветеринария және мал шаруашылығы ғылымдарының корифейлері Ю.А.Артемов, М.М.Нұралиев, Г.С.Зубков, А.Р.Рустенов, Б.А.Аманжолов, А.З.Зинулин, Г.К.Молдашев, И.К.Ашетов, Ө.Б.Таубаев сынды ұлағатты ұстаздардан ғұмырлық тағылым мен тәлімді дәріс алып, өз мамандығының қыр-сырын меңгерген, алтын ұядан жарты ғасыр бұрынтүлепұшқан 55 түлектің әрқайсысы алған білімдерін тәжірибе жүзінде және



өндірісте, ауыл шаруашылығы саласында қолданып, ел экономикасын көтеруге белсене атсалысты. Университет қабырғасында өз ісінің білгірі, зиялы ұстаздардың алдын көрген, бекзат келбетін үлгі тұтқан бұл аға буын өкілдері өмір бойы шындықты ту етіп, адал да тынымсыз еңбекпен, тазалықпен маңдайы күнге күйіп, табаны жерге тілініп, елге қалтқысыз қызмет етуді берік ұстанып, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетіп келеді.

Өмірдің сан тарау соқпағында арманға қанат қаққан 55 студенттің 21-і әртүрлі себептермен оқудан қол үзіп қалса, тағдырдың жазғаны шығар, 14 түлек

бүгінде өмірден өтіп кетті. Жалынды жастық шақты артқа тастап, талай-талай белестерден бірге өтіп, туған бауырдай бір-біріне сүйеу болған аяулы курстастарын достары сағынышпен еске алады.

Әр университет жұмысының көрсеткіші – бүгінгі түлектері. Олардың еңбек жолындағы үздік жетістіктері – білім ордасы үшін зор мақтаныш. Сонау 1974 жылы үлкен өмірге жолдама алып, колхоз-совхоздарға маман болып аттанған кешегі жас мамандар – бүгінде мемлекетіміздің өркендеуіне үлес қосқан қайраткерлер, қоғамның түрлі саласында абыройлы қызмет

атқарған тұғыры биік тұлғалар, парасаты болмысымен елге сыйлы азаматтар, ауыл-аймақты көркейткен ел ағалары, саналы ғұмырын, бүкіл күш-жігерін елдің дамуына арнаған құрметті еңбек ардагерлері, шәкірт тәрбиелеп, ұл-қыз өсіріп, немере-шөбере сүйіп отырған өнегелі отбасы, бәйтеректей жапырағы жайылған үлкен әулеттердің иелері. Олардың көпшілігі зейнет жасына жеткен соң да қоғамдық-саяси өмірден қол үзбей, әртүрлі салада өмірлік мол тәжірибесін бөлісіп, бүгінге дейін жемісті еңбек етіп келеді.

Бірі ауыл шаруашылығы саласында жоғары жетістіктерге жетсе, бірі қоғамдық-саяси салада басшылық қызметтерді атқарды, кейбірі білім беру ісінің үздіктері атанып, ғылым биігіне көтерілді. Түлектердің дені алтын бесік – ауылды көркейтіп, тамаша іскерлігімен, зооинженерлік білімімен, тынымсыз ізденістерімен ұйымдастырушылық қабілетімен өздері жетекшілік еткен колхоз-совхоздардағы мал басын асылдандыру-селекциялық жұмыстарына тікелей атсалыса отырып, сапалы да мол өнім алып, ауыл-аймақты озық көрсеткіштерімен облыс көлеміндегі алдыңғы қатарлы шаруашылықтарға айналдыра білді. Көпшілігі егемен ел атанып нарықтық экономикаға бет бұрған шақта алғашқылардың бірі болып кәсіпкерлікті қолға алып, туған жерді көркейту жолында әлі күнге сүбелі еңбек етуде.

(Жалғасы 3-бетте)

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Біздің студентіміз жазғы Олимпиадада өнер көрсетеді



Жәңгір хан университетінің білім алушысы, байдарка және каноэ есу шебері Мария Бровкова биыл төртжылдықтың басты дүбірлі додасы – Париж Олимпиадасында Қазақстан құрамасымен бірге өз бағын сынайтын болады.

Әзірге Мария – Батыс Қазақстан облысы бойынша жазғы Олимпиадаға жолдама алған жалғыз спортшы. Әлем және Азия ойындарының чемпионы Мария Бровкова қазіргі уақытта Польша елінде Олимпиадаға дайындалу үстінде. Еске сала кетсек, Франция астанасы Парижде XXXIII жазғы Олимпиада алауы 26 шілдеде тұтанады.

Мария Бровкова – «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру» институтының 2-курс студенті. «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша оқып жүрген 19 жасар спортшы – облыс әкімі грантының иегері. Ендеше, университеттің ғана емес, облыстың мейрінін асқақтатып, спорт аламында ел намысын қорғайтын батысқазақстандық ескекші Марияға жеңіс тілейміз!




Жалынды жастардың жайдарлы ордасы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті – ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын батыс өңіріндегі бірегей жоғары оқу орындарының бірі екені баршаға мәлім.

Тарихы бай, осы саладағы жетекші оқу ордасы ретінде өзін мойындатқан, күні бүгінге дейін білікті кәсіби мамандар даярлап келген Жәңгір хан университеті қазіргі таңда да батыс аймағының экономикалық және әлеуметтік дамуына өз үлесін қосып келеді. Сонымен қатар БҚАТУ кәсіпкерлік жоғары оқу орны ретінде де танымал. Университеттің қызметі мемлекетпен және аграрлық-техникалық бейіндегі бизнес индустриясының өкілдерімен өзара іс-қимылға негізделген. Білім беру бағдарламалары еңбек нарығының талаптары мен қажеттіліктерін ескере отырып әзірленеді. Бітіруші түлектерді ерте бастан жұмысқа орналастыру тетіктері де қарастырылған.

Жалпы Жәңгір хан университеті «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіптік білім беру», «Агротехнология», «Ветеринариялық медицина және мал шаруашылығы», «Индустриалды-технологиялық» және «Политехникалық» салалар бойынша жоғары білімді мамандар даярлайды. Университеттегі «Әскери кафедра» білім алушыларға әскери-патриоттық тәрбие берумен қатар запастағы сержанттар мен запастағы лейтенанттар даярлап, еліміздің қорғаныс саласын нығайтуға қызмет етіп келеді.

Университеттің дамуындағы маңызды кезеңдердің бірі – 2010 жылдан бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан Уфа мем-



көмірсутектердің кен орындарын игеру және пайдалану» магистратурасы бойынша білім беру бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген және мақұлданған. Сондай-ақ, қосдипломды білім беру бағдарламасына сәйкес студенттердің екі диплом алуға мүмкіндігі бар: Оның бірі – Жәңгір хан университетінің дипломы болса, екіншісі – шетелдік серіктес университеттің дипломы.

Университеттер арасындағы екіжақты меморандумның арқасында Жәңгір хан университетінің базасында Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университетінің өкілдігі ашылды. Бұл бастаманың негізгі мақсаты – білім мен тәжірибе алмасуға ықпал ете отырып, интеграцияланған



лекеттік мұнай техникалық университетімен арадағы ынтымақтастық. Осы уақыт ішінде университеттер біліктілікті арттыру курстарын сәтті ұйымдастырып, бірлескен практикалық сабақтар өткізді, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығына ықпал етті, сондай-ақ ғылым мен білім беру саласындағы әріптестік әлеуеттерін арттырды.

2022 жылы ынтымақтастық шеңберінде қосдипломды білім берудің «Табиғи

халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігін құру арқылы халықаралық байланыстарды кеңейту және нығайту.

Университетте қазақстандық және шетелдік студенттерді, оқытушылар мен ғалымдарды тартуға және тұрақтандыруға ықпал ететін функционалдық оқу қызметі мен ғылыми орта толық қалыптасты. Университет әр студентпен жеке жұмыс жасай отырып, өз кәсібінде заманауи технологияларды



қолдана алатын, жан-жақты дамыған, еңбек нарығын бағдарлай алатын, оның үнемі өзгеріп отыратын қажеттіліктері мен сұраныстарына уақтылы бейімделе



алатын тұлға тәрбиелейді. Бұл – Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың түпкі мақсаты болып табылады.

Жәңгір хан университетін бітірген түлектердің көпшілігі Батыс Қазақстан облысында және басқа өңірлерде аграрлық-техникалық, экологиялық бағыт бойынша жұмыс істеуде. Біздің табысты түлектеріміз ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы басшылық лауазымдарда, аудандар мен ауылдардың әкімдері бо-

кәсіпкерлікке жол ашады.

Университетте кәсіпкерлік ЖОО ретіндегі маңызды бағыттардың бірі – кез келген мамандықта оқитын студенттерге «Бизнес негіздері» модулін меңгерту. Яғни, «Бизнес негіздері» модулі арқылы екінші семестр кезінде бизнес жоспарлары мен жобаларын қорғайды. Бірнеше жылдан бері «Экономика және аудит» жоғары мектебінің құрамында «Бизнес мектебі» белсенді жұмыс істеп келеді, бұл мектеп студенттерге кеңес беру, оқыту, бизнес жоспарлар мен жобаларды дайындау және іске асыру мәселелерімен айналысады.

Әрбір қоғамда белсенді жастардың рөлі жоғары. Жәңгірхандық жастардың арасында да волонтерлар, өнерлілер мен таланттылар, спортшылар жетерлік. Жоғары білім алып қана қоймай, қабілетіне қарай өзі қалаған іспен шұғылдана алатын студенттерге ұстаздары қашан да қолдау көрсетеді. Аудан-ауылдар мен өзге облыстардан білім қуып келген талапкерлерге де жатақхана мәселесі оңтайлы қарастырылған. Екі

мыңнан астам студентке арналған төрт бірдей Студенттер үйі университет аумағында орналасқан.

Жыл өткен сайын БҚАТУ өзінің білім беру стандарттарын жақсартуға, оқытудың жаңа әдістерін енгізуге және сұранысқа ие мамандықтарды қолдауға ұмтылып келеді. Дәстүрді жалғастыра отырып, университет әлі де теорияны практикамен байланыстыратын орын ретінде маңызын жойған емес, ал студенттердің кәсіби ма-



лып абыройлы қызмет атқарып жүргенін де зор мақтанышпен атап өтуге болады. Техникалық мамандықтарды игерген түлектер өңірдің шағын кәсіпорындары мен шаруашылықтарында, сондай-ақ «Батыс Қазақстан машина жасау компаниясы», «Орал трансформатор зауыты», «Белес-Агро», «Жайық Агро LTD», «Стекло Сервис», Халық банкі Батыс Қазақстан облыстық филиалы, «World Green Company» сынды жетекші кәсіпорындарға жұмысқа орналасады. Сондай-ақ білім алушылар университет қабырғасында бизнес негіздері модулін меңгеріп, өздері бизнес жобалар мен жоспарлар даярлап,

ман ретінде дамуға мүмкіндіктері молынан. БҚАТУ-дың бүгінгі мен болашағы тек сандар мен жетістіктерден ғана тұрмайды. Білім алушылардың келесі буынын да адамзат тарихы, білімге ұмтылу, жетістіктер мен жоспарланбаған көкжиектер сынды дүниелер күтеді. Университет өз тарихымен мақтанады және сонымен бірге өз көзқарасын алға, жаңа биіктер мен жетістіктерге бағыттайды.

**Сабина ХАЙРУЛЛИНА,
«Студенттер контингентін
қалыптастыру» орталығы
директорының орынбасары, т.ғ.к.,
доцент м.а.**

(Басы 1-бетте)

Ұзақ жылдар бойы абыройлы да ерен еңбегімен, шебер ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен олардың әрқайсысын ерекше құрметпен атауға болады. Солардың бірі – «Құрмет», «Отан» орденінің иегері, Ақтөбе облысында «Ленин» аудандық партия комитетінің І хатшысы, 1994-2012 жылдары облыстық мәслихаттың депутаты, 1992, 2007 жылдары Ақтөбе облысының ең үздік кәсіпкері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, экономика ғылымдарының кандидаты, «Степное» ЖШС директоры Аманкос Төлеуов. Бар ғұмырын ауыл шаруашылығына арнап келе жатқан қадірлі азамат, халыққа еңбегімен танылған еңсесі биік тұлға, елдік істердің басы-қасында жүретін Аманкос Сансызбайұлы биыл көктемгі су тасқынынан зардап шеккен Қобда және Ойыл аудандарының шаруашылықтарына алғашқылардың бірі болып көмек қолын созды. «Степное» серіктестігінің басшысы әріптестерімен ақылдаса отырып, қиын жағдайда қалған мал өсірушілер мен ауыл тұрғындарына

100 тонна тұқымдық бидай, 100 тонна тұқымдық арпа, сондай-ақ егіс салу үшін 50 тонна судан шөбінің тұқымын берді, сонымен бірге 200 қой және 50 баспақ бөлді. Жерлес ағайынға жәрдем қылған Аманқостай ағаларымызға ел риза, көптің алғысы шексіз.

Туған өңірді түлеткен ардақты түлектердің қатарында Ақтөбе облысы «Победа» қой шаруашылығы фермасының меңгерушісі, Орталық Азия көмір шаруашылығы кәсіпорнының бөлім басшысы, Ташкент ауыл шаруашылығы басқармасының бас маманы, Ақтөбе облысының беделді кәсіпкері Сүйінғали Дүйсенов, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы ауыл шаруашылығы басқармасының бас экономисі, «Қазақтың асыл тұқымды ақбас сиырларының сүттілігінің жас малдың өнімділік қасиеттеріне әсері» тақырыбында 2007 жылы ауыл шаруашылығы ғылымдары бойынша ғылым кандидаты атағын қорғаған Райла Панабекқызы Аманова, еңбек жолын зоотехник-селекционер болып бастап, кейін қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласып, Тасқала аудандық



комсомол ұйымының ұйымдастыру бөлімінің жетекшісі, Орал облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылық бөлімінің нұсқаушысы, облыстық нан өнімдерін өңдеу басқармасының бөлім бастығы, осы мекеменің Элеваторды камту мен автотранспорт бастығы қызметін абыроймен атқарған белгілі кәсіпкер Фарит Ділмұхамбетұлы Санкубаев, Жәнібек ауданындағы «Жәнібек» мал бордақылау совхозының бас зоотехнигі, бұрынғы Фурманов ауданының «Жұлдыз» қой шаруашылығының директоры, «Бірлік» асыл тұқымды қой шаруашылығының директоры, 1998-2010 жылдары Жаңақала ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы қызметін абыроймен атқарған Жанболат Анатолийұлы Семенов, еңбек жолын бұрынғы Жымпиты ауданындағы «Бұлдырты» қой шаруашылығы совхозында ферма зоотехнигі болып бастаған, 1979 жылы Бөрлі ауданының «Завет Ильича» колхозының бас зоотехнигі, 1995 жылдан 2009 жылға дейін Бөрлі ауданында жеке шаруашылық қожалығының басшысы, Бөрлі ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің статисі, Батыс

Қазақстан облысының аймақтық малды асылдандыру мекемесінің бақылаушысы қызметін абыроймен атқарған Тілекбай Азаматұлы Нуруллинді ерекше атауға болады. Сонымен қатар, Қ.Закарин, А.Тұмашев, С.Ізғалиев, Б.Қайрушев, М.Есенязов, Т.Нәсіпқалиев, Қ.Ордашев, Х.Қойшығұлов, Т.Елжанов, М.Хайруллин, С.Салықбаев, А.Оразымбетов, К.Ескендірова, С.Құлмағамбетов, С.Ерғожиева, Р.Ізмұханова, Р.Тампишбаева, Қ.Сапарова, Б.Аяқалиев секілді бірқатар азаматтар мен азаматшалар әр салада жемісті еңбек етіп, елдің саяси-экономикалық дамуына өз үлесін қосты.

1974 жылғы түлектердің елу жылдық ерен еңбегі – елдікке бастаған үлкен белес болды деуге болады. Себебі, елу жылда ел жаңарды, буын алмасты, ұрпақ жаңғырды. Бүгінгі 50 жылдық белес жаңа беласуларға бастайтыны анық. Ауыл шаруашылығы саласының аға буын түлектерінің 50 жылдық мерейтойы құтты болсын! Әрдайым еңбектеріңіздің зейнетін көріп, ұрпақтарыңыздың қызығына бөлене беріңіздер!

Құбан МЕНДІҒАЛИЕВ



Обучающие семинары по коммерциализации технологий

Руководитель офиса коммерциализации технологий и бизнес-инкубации Гульшат Айшеева 12-13 июня 2024 года провела обучающие семинары по коммерциализации технологий для ответственных за коммерциализацию технологий институтов.

Инновационная инфраструктура ЗКАТУ работает с 2011 года, а именно с момента создания офиса коммерциализации технологий в соответствии с приказом ректора №156 § 5 в результате выигрыша конкурса АО «Национальное агентство по технологическому развитию» по созданию офисов коммерциализации технологий в республике. В настоящее время Офисом коммерциализации и бизнес-инкубирования проводится основная работа по анализу результатов научной и научно-технической деятельности (РННТД) с целью отбора наиболее перспективных для коммерциализации, а также поиск потенциальных бизнес-партнеров и потребителей продуктов проектов, консультирование заявителей и потенциальных партнеров об условиях, формах и механизмах предоставления финансирования и проведение бизнес-инкубационных и акселерационных программ для инновационных бизнес-проектов, формирование инновационной эко среды технологического предпринимательства и т.д.

В целях коммерциализации и продвижения технологий (продукции) университета офисом коммерциализации и бизнес-инкубирования проводятся презентации их на различных международных и республи-



канских конкурсах, форумах и выставках в КНР, ЧР, США, Японии, Турции, Франции и других странах, пройден конкурсный отбор и стажировка в США по программе SABIT по коммерциализации технологий, заключены договора о сотрудничестве и совместном продвижении технологий, проведены технологические аудиты, составлены бизнес-планы и проведены маркетинговые исследования и т.д.

Проекты, находившиеся в разработке офиса коммерциализации, приняли участие в более 80 различных международных и республиканских конкурсах на предоставление грантов на коммерциализацию технологий. Получено 6 грантов по полному обоснованию концепций проектов и созданию прототипов (по инновационному подшивнику, выращиванию осетровых в УЗВ, производству искусственного щеп-

ня, пеностекла и пенобетона), 2 гранта на коммерциализацию РННТД АО «Фонд науки» (по кроссбредному овцеводству и производству искусственного щебня), 2 гранта американского фонда CRDF Global, 3 гранта ОО «Тайбурыл», 7 инновационных грантов по ДКБ-2025, грант регионального инвестиционного фонда ЗКО, грант АО НАРИ «QazInnovations», грант «Связи университетов США и Казахстана» (UniLinks) по совершенствованию системы коммерциализации РННТД и т.д.

В ходе проведения обучающих семинаров были охвачены ключевые аспекты, которые следует учитывать при коммерциализации технологий. Особое внимание было уделено этапам, модели и механизмам коммерциализации технологии, а также причинам провала новых технологий

(продуктов). Были даны рекомендации по защите ИС и управлению ОИС. Обсуждались вопросы налаживания деловых контактов и развития партнерства с субъектами бизнеса по продвижению РННТД на рынке, поиску и нахождению технологических решений реальных проблем предприятий. Участники обучающих семинаров узнали, как коммерциализировать инновационные проекты, условия и требования конкурсов на грантовое финансирование проектов коммерциализации, как подготовить заявку для участия в данных конкурсах. Если первая часть семинара была посвящена больше теоретическим аспектам коммерциализации технологий, то во второй части – участники получили возможность разобрать на практике реальные проекты и получили ценные советы по полному обоснованию концепций проектов.

– В современном мире успешная коммерциализация играет ключевую роль в преобразовании научных и инновационных разработок в реальные продукты и услуги, которые приносят пользу обществу и способствуют экономическому росту. Сегодня стоит задача провести тщательный анализ рынка и потребностей потенциальных клиентов, чтобы убедиться в том, что разрабатываемые нами технологии будут востребованы, а также осуществлять поиск реальных технологических запросов бизнеса и формировать команды исполнителей для нахождения и разработки необходимых научно-технологических решений, – отметила Гульшат Амангельдиевна.



Расширяет сотрудничество с зарубежными научно-технологическими центрами

В рамках реализации грантовой программы «Связи университетов США и Казахстана» (UniLinks) ЗКАТУ имени Жангир хана выиграл грант по проекту «Совершенствование системы коммерциализации и трансфера результатов научных исследований».

В настоящее время основной проблемой является необходимость расширения потенциала системы управления научными исследованиями и коммерциализации технологий в университете Жангир хана. Почему это важно? Несмотря на наличие инновационных технологий, инновации университетов сталкиваются с препятствиями при переходе от лабораторных условий к практическому применению. Этот пробел подчеркивает острую необходимость в комплексных решениях, которые ускорят продвижение научных открытий к коммерциализации. В связи с этим реализация данного проекта направлена на формирование единого процесса создания проектов и активов и их маркетинга, коммерциализации НИОКР, охраны результатов интеллектуальной деятельности и инновационного предпринимательства.

При реализации данного проекта будет достигнуто предметное взаимодействие с Ратгерским университетом (Rutgers University, государственный исследовательский университет США, крупнейшее высшее учебное заведение штата Нью-Джерси), посредством совместно разработанных планов действий, двусторонних тренингов, а также содействия взаимодействию между учеными.

Реализация проекта будет способство-



вать улучшению практики управления объектами интеллектуальной деятельности и диверсификации доходов, а также повышению потенциала управления исследованиями и коммерциализации технологий, повысит компетентность специалистов университета Жангир хана в период и после реализации данной грантовой программы.

Основная цель реализации проекта заключается в повышении потенциала коммерциализации результатов исследований для совершенствования административных, технических и финансовых процессов, а также формирования эффективной инновационной экосистемы на основе устойчивого американо-казахстанского сотрудничества и обмена знаниями.

Успех в этой программе будет достигнут за счет следующих ключевых задач и видов деятельности:

1. Проведение онлайн встреч и консультаций со специалистами Офиса

трансфера технологий университета Ратгерс по ознакомлению проектной группы с опытом управления исследованиями и коммерциализацией технологий в данном университете.

2. Проведение специалистами Офиса трансфера технологий университета Ратгерс обучающих вебинаров по коммерциализации результатов научных исследований и технологическому маркетингу для 50 участников команды проекта и других ученых университета Жангир хана, а также ученых других университетов региона.

3. Совершенствование политики и повышение потенциала коммерциализации технологий и управления интеллектуальной собственностью университета Жангир хана, разработка соответствующих нормативных документов по реализации процесса коммерциализации на основе применения положительного опыта управления исследованиями и коммерциализацией технологий в университе-

те Ратгерс (организация, менеджмент, оценка деятельности и т.д.).

4. Проведение обучающих семинаров по коммерциализации технологий и технологическому предпринимательству и стартап, а также по формам и механизмам поддержки инноваций 20 представителей бизнес-сообщества (потенциальных бизнес-партнеров и инвесторов).

5. Создание и применение онлайн платформы в целях привлечения потенциальных партнеров и заказчиков для коммерциализации результатов исследований и решения технологических и бизнес-задач.

6. Размещение публикаций об инновационной деятельности и коммерциализации технологий в университете в газетах, социальных сетях и/или в других средствах массовой информации.

Таким образом, в результате реализации проекта будет повышена компетентность ученых Университета Жангир хана в сфере коммерциализации технологий и управления интеллектуальной собственностью, а также технологического маркетинга и продвижения инновационных технологий (продуктов). Будет совершенствовано управление коммерциализацией технологий в университете на основе изучения успешного американского опыта. Будут реализованы возможности обмена знаниями и опытом для адаптации эффективного зарубежного опыта в Казахстане с целью усиления потенциала и развития инфраструктуры и механизмов коммерциализации технологий.

Гульшат АЙЕШЕВА,
руководитель офиса

коммерциализации технологий и
бизнес-инкубации, доцент, к.э.н.

Талапкерлердің жадына!

20 МАУСЫМ - 25 ТАМЫЗ – ақылы бөлімге құжаттар қабылдау.

20 МАУСЫМ - 10 ТАМЫЗ – шығармашылық емтиханға құжаттар қабылдау.

7 ШІЛДЕ - 15 ТАМЫЗ – шығармашылық емтихан уақыты.

8-15 ШІЛДЕ – мемлекеттік білім грантына қатысу үшін шығармашылық емтихан уақыты.

13-20 ШІЛДЕ – мемлекеттік білім грантына құжаттар қабылдау (13-24 ШІЛДЕ – төтенше жағдай орын алған өңірлер үшін)

Шығармашылық емтихандар

- Шығармашылық мамандықтарды таңдаған талапкерлер шығармашылық емтиханға қатысу үшін 20 МАУСЫМ – 10 ТАМЫЗ аралығында жоғары оқу орнына өтініш береді. Емтихандар 7 ШІЛДЕ – 15 ТАМЫЗ аралығында өтеді.

- Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарының талапкерлері шығармашылық емтиханды Ұлттық бірыңғай тестілеуден кейін тапсырады.

- Емтихандар дәстүрлі форматта, яғни офлайн ұйымдастырылады.

- Мемлекеттік грант конкурсына қатысу үшін тек бір мамандық және бір жоғары оқу орнын таңдауға болады. Жоғары оқу орнына АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ оқуға түсу үшін басқа ЖОО-да тапсырылған емтихан нәтижесін қолдануға болады.

- Бес пән бойынша ҰБТ тапсырған талапкерлер (Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы балдарын алып) шығармашылық дайындықты талап ететін бір ББТ (білім беру бағдарламалары тобы) таңдай алады.

Памятка для абитуриентов!

20 ИЮНЯ - 25 АВГУСТА – прием документов в платное отделение.

20 ИЮНЯ - 10 АВГУСТА – прием документов на творческий экзамен.

7 ИЮЛЯ – 15 АВГУСТА – сроки проведения творческого экзамена.

8-15 ИЮЛЯ – сроки творческого экзамена для участия в государственном образовательном гранте.

13-20 ИЮЛЯ – сроки для участия в конкурсе на получение государственного образовательного гранта (с 13 июля по 24 июля для регионов, где была объявлена чрезвычайная ситуация).

Творческие экзамены

- Абитуриенты, выбравшие творческие специальности, для участия в творческом экзамене могут подать заявление в вуз с 20 ИЮНЯ ПО 10

- АВГУСТА. Сами экзамены пройдут с 7 ИЮЛЯ ПО 5 АВГУСТА.

- Абитуриенты из Акмолинской, Актюбинской, Атырауской, Западно-Казахстанской, Костанайской, Северо-Казахстанской областей будут сдавать творческие экзамены после сдачи ЕНТ.

- Экзамены проводятся в традиционном формате, то есть офлайн.

- Для участия В КОНКУРСЕ ГРАНТОВ можно выбрать лишь один вуз и одну специальность. Для поступления в вуз НА ПЛАТНОЙ ОСНОВЕ можно использовать результаты из другого вуза.

- Абитуриенты, сдавшие ЕНТ по пяти предметам (учитываются баллы истории Казахстана и Грамотности чтения) могут выбрать один ГОП (), требующий творческой подготовки.

Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа
орталығының
директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде
беттеуші
және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 580
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru